



Минаға

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІ

ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН

■ ХАЛҚЫМЫЗ ҚАШАНДА ЕЛДІҢ ДАМУЫНА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАН, ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ШАМШЫРАҒЫНА АЙНАЛҒАН ТҮЛҒАЛАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН. «ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ» ДЕГЕН ДАНА СӨЗДІҢ АСТАРЫНДА ҮЛКЕН ТАҒЫЛЫМ ЖАТЫР. ӨЙТКЕНІ ҰЛТТЫҢ ӨРКЕНДЕУІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА, АЛ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ СОЛ ЖОЛҒА ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ТАБАҢДЫ ЕҢБЕГІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ОСЫНДАЙ КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМДАРДЫҢ БІРЕГЕЙІ – ҰҒА-НЫҢ ҚҰРМЕТТІ АКАДЕМИГІ, ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ ҚАЛДЫБАЙ ПІРӘЛИЕВ.



Қалдыбай Жайлауұлы – саналы ғұмырын ғылымға арнаған, отандық химия ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан, көптеген шәкірт тәрбиелеп, ғылымның жаңа буынын қалыптастыруға еңбек сіңірген ардақты ғалым. Оның ғылыми ізденістері мен ұйымдастырушылық қызметі еліміздің ғылыми әлеуетінің артуына, ұлттық ғылымның халықаралық деңгейде танылуына ықпал етті. Ғалым дәрежесіне жету тек білімді болумен шектелмейді. Ол – табандылықты, жауапкершілікті, адалдықты талап ететін қасиетті жол. Ғылымдағы әрбір жетістік ұзақ жылғы еңбектің, үздіксіз ізденістің нәтижесі. Қалдыбай Жайлауұлы өз өмірімен осы ұстанымның айқын үлгісін көрсетті.

(Жалғасы 3-бетте)

Ғазиза
ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Ұлттық кітапхананың директоры:

ҚОРДЫ САҚТАУДЫҢ НЕГІЗІ ЖОЛЫ – ЦИФРЛАНДЫРУ



■ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДӘУІРІНДЕ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ДЕ ЖАҢА МАЗМҰНМЕН ТОЛЫҒЫП КЕЛЕДІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІТАПХАНА ІСІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ САНАЛАТЫН ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНА ДА БҰЛ ҮДЕРІСТЕН ШЕТ ҚАЛҒАН ЖОҚ. БҮГІНДЕ ҚОРДАҒЫ ҚҰНДЫ БАСЫЛЫМДАРДЫ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА КӨШІРУ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСАРДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ, ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІН КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНА ЕНГІЗУ БАҒЫТЫНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ОСЫ ОРАЙДА ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ҒАЗИЗА ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫМЕН СҰХБАТТАСЫП, КІТАПХАНА ҚОРЫН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСАРДЫҢ ДАМУЫ, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ КІТАПХАНАНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ТУРАЛЫ Әңгімелескен едік.

– Сұхбатымызды өзіңіз басқаратын кітапхана қорынан бастасак. Білуімізше, кітапхана қорында көне Құран кітаптары да бар. Кітапхана қорындағы осындай баға жетпес мұралардың халқымыздың тарихи жадын сақтаудағы маңызы қандай?

– Ұлттық кітапхана – білімнің барлық саласын қамтитын, әлемнің 123 тіліндегі 7 миллионнан астам қоры бар руханият ордасы, мыңдаған оқырманды біліммен ақпаратпен қамтамасыз етіп отырған ұлттық қордың депозитарийі. Кітапхана қорында жинақталған заманауи құжаттар мен еліміздегі басылымдардың, қолжазбалар мен алғашқы баспа өнімдерінің, ноталық музыкалық басылымдар мен күйтабактардың бірегей қоры – халқымыздың баға жетпес мұрасы.

Кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында 40 мыңға жуық құжат бар, олардың 1000-нан астамы – қолжазбалар. Зерттеушілер үшін ғылыми қызығушылық тудыратын XII–XIX ғасырлардағы тарих, география, медицина, математика, философия, лингвистика және басқа да салалар

бойынша шығыс қолжазбаларының бірегей қорын қамтиды.

– Қорда сақталған қолжазбалардың ішіндегі ең құндылары қандай?

– XII ғасырда куфа жазумен жазылған Құран, түркі жазба ескерткіші саналатын Фирдоусидің «Шахнаме» (XVIII ғасыр) туындысы, 2003 жылы ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» бағдарламасының халықаралық тізіліміне енгізілген Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметтері» (екі қолжазба, XIX ғасыр), «Рисала: Миратул-кулуб» (XVIII ғасыр), «Насабнама»: Қожа Ахмет Ясауидің ата-тегі туралы шежіре (XVII ғасыр) және Сүлеймен Бақырғанидың «Хикметтер» (XVI ғасыр) қолжазба кітаптарын қорда сақталған қолжазбалардың ішіндегі ең құндылары деуге болады. Одан бөлек Құран топтамаларының ішінде араб тіліндегі насх жазуымен жазылған XVIII ғасырдағы ең үлкен Құран (1042 бет, салмағы 9100 г) бар, оның жолма-жол парсы тіліндегі аудармасы да біздің кітапханада сақталған.

(Жалғасы 5-бетте)

СУҒА ТҮСКЕНДЕ САҚ БОЛЫҢЫЗ

■ ҚАЗІР ЖАЗДЫҢ НАҒЫЗ ҚЫЗҒАН ШАҒЫ. ОҚУШЫЛАР ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ, КӨП КІСІ ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНДА. ӨЗЕН-КӨЛДЕР МЕН СУ АЙДЫНДАРЫНЫҢ ЖАҒАСЫ ДЕМАЛУШЫЛАРҒА ТОЛАДЫ. СЕБЕБІ ЖАЗДЫҢ СӘНІ СУҒА ТҮСУ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. АЛАЙДА «СУ – ТІЛСІЗ ЖАУ» ЕКЕНІН ӘСТЕ ЕСТЕН ШЫҒАРУҒА БОЛМАЙДЫ.

Әрине, аптап ыстықта суға шомылып, сергіген жақсы. Оның денсаулыққа да пайдасы бар. Дегенмен қауіпсіздік ережелерін сақтаған абзал. Өйткені қауіпсіздікті ескермеудің соңы қайғылы жағдайларға душар етуі мүмкін. Сондықтан әрбір адам суға түскен кезде сақтық шараларын ұмытпауы тиіс. Соның ішінде рұқсат етілмеген орындарда шомылуға болмайды. Төтенше жағдайлар министрлігінің хабарлауынша, шомылу мау-

сымы басталғалы 30-ға жуық адам суға кетті, оның 16-сы – балалар. Төтенше жағдайлар мамандарының айтуынша, судағы қайғылы жағдайлардың 95 пайызы шомылуға рұқсат етілмеген, арнайы жабдықталмаған жерлерде болған. Сондықтан мұндай жерлерге мүлдем бармаған дұрыс. Сонымен қатар суға түсуге барғанда балаларға да сақ болу керек. Балаларды бір сәтке де қараусыз қалдыруға болмайды. Қалқымалы ойыншықтар,

басқа да жүзу құралдары баланың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды. Әсіресе балалардың тереңдігі белгісіз жерлерде суға түсуіне, секіруіне рұқсат бермеу қажет. Бұл өте қауіпті.

Төтенше жағдайлар министрлігі жабдықталмаған орындарда шомылуға, балаларды қараусыз қалдыруға, рұқсат етілген жағажайларда ғана шомылуға, суға түскен кезде құтқару кеудешелерін киюге, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Жазғы демалыстың қызығы енді басталды. Суға түсу кезінде осы қарапайым ережелерді сақтасаңыз, өзіңіз де, жакындарың да аман болады. Сақтық – қауіптің алдын алатын ең тиімді құрал. Осыны естен шығармаңыз, құрметті оқырман!

ҚАЛАМҒЕР ПРОЗАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

■ КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ РОЗА МҰҚАНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ, ЕР МЕН ӘЙЕЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ, ОТАҒАСЫ МЕН ОТАНАСЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ ТӘРІЗДІ ЖАЙТТАРДЫ КЕҢ ҚАМТЫҒАН. СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛ БІРҚАТАР ТУЫНДЫСЫНДА «ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ» ДЕГЕН ҰҒЫМДЫ ТАРҚАТАДЫ. ОСЫ АЙТЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТӨМЕНДЕ КЕҢІРЕК ТОҚТАЛАЙЫҚ.



Ер мен әйел қарым-қатынасы жайлы «Тұл» әңгімесінде жазылған. Мұнда күйеуімен ажырасып кеткен әйелдің жан азабы мен күйзелісі суреттеледі. Бас кейіпкер – бай келіншек. Балаларын өзі жеткізген. Алайда дүниеге мастанып, тәкаппар, ояр мінезді болып кеткен. Ішімдікке үйір болған, қарны салбырап, семірген. Шашын шонтитып киып тастаған. Сыртқы бейнесінің еркектен айырмашылығы жоқ. Яғни әйел сұлулығы мен нәзіктігінен айрылып қалған. Сыртқы мүсінінен бұрын мінезі, болмысы өзгерген. Азаматын менсінбей, үйді билеп-төстейтін долы қатынға айналған. Жасырақ кезінде енесімен бірге тұрмай, ана мен баланы айырып та алған. Осындай себептер жинала келе, күйеуінің көңілін суытады, басқа жас келіншекке ғашық болып, мұны тастап кетеді. Әйел оны керек етпейтінін, бар байлығын өзі алып қалатынын айтып, дарақылана күліп, шығарып салады. Үй де, қымбат жиһаздар да, алтын әшекейлер де – бәрі-бәрі әйелде қалады. Бірақ ері кеткен соң, жаны қиналып, құлазып, оны сағынады. Қайта оралуын ансап, аласұрады.

(Жалғасы 3-бетте)



МЫСЫРДАН КЕЛГЕН МҰҒАЛІМ

немесе Файзрахман феномені

XX ғасырдың басы қазақ қоғамының тарихында ерекше орын алады. Бұл кезеңде қазақ даласында жаңа үлгідегі мектептер ашылып, ұлттық баспасөз қалыптасып, ағартушылық қозғалыс күшейді. Кейінгі ұрпақ көбіне осы қозғалыстың ірі қайраткерлерін біледі. Алайда қазақ қоғамының рухани жаңғыруына үлес қосқан көптеген тұлғалар уақыт өте келе тасада қалып қойды. Солардың бірі – Файзрахман Жаһандаров.

Бүгінде оның есімі көпшілікке онша таныс емес. Кейбір еңбектерде аты-жөні бұрмаланып, тіпті «Қызырахман», «Физалрахман», «Жаһангеров» түрінде де кездеседі. Бірақ XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдарды ақтарған сайын бұл адамның қазақ ағартушылығы тарихындағы орны әлдеқайда маңызды болғанын аңғарамыз. Жаһандаровтың тағдыры арқылы біз тек бір мұғалімнің өмір жолын емес, тұтас бір дәуірдің тынысын көреміз. Оның өмірбаянында мұсылман дүниесінің ірі білім орталықтары да, қазақ даласындағы ағартушылық қозғалыс та, патшалық биліктің құдалауы да, азамат соғысының аласапыраны да, кеңестік қуғын-сүргін де бар. Сондықтан Файзрахман Жаһандаровтың өмір жолы – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының шағын энциклопедиясы іспетті.

(Жалғасы 7-бетте)

ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫН



■ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНДА ОСЫНДАЙ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ. ЖИЫНҒА БАС МҰФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ ҚАТЫСЫП, БАЯНДАМА ЖАСАДЫ.

ҚМДБ Төрағасы казак халкының жазба мұраларын зерттеу мен сақтаудың маңызына тоқталды. «Қазақ халқының жазба мұраларының едәуір бөлігі әлемнің түрлі мемлекеттеріндегі мұрағаттар мен кітапханаларда сақталса, олардың маңызды бір бөлігі еліміздегі ғылыми және мәдени мекемелердің қорларында жинақталған. Елімізде қолжазбалар мен сирек кітаптарды сақтайтын бірнеше ғылыми орталық бар. Солардың ішіндегі ең ірілерінің бірі — Ғылым ордасының Орталық ғылыми кітапханасы. Бұл мекеме өзінің бай қолжазбалар және сирек кітаптар қорымен ерекшеленеді» деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Бас мүфти сондай-ақ көне мұралар Қазақстанның тарихи-мәдени және рухани мұрасын зерттеудегі маңызды дереккөздердің бірі екенін айта келіп, аталған жәдігерлердің басым бөлігін діни-дидактикалық, діни-танымдық және діни-канондық мазмұндағы еңбектер құрайтынын алға тартты.

Алқалы жиынға сонымен қатар Ғылым ордасының бас директоры Нұрлан Сейдін, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры Кенжежан Матыжанов, Нұр-Мұбарак университеті жанындағы Халықаралық ғылыми зерттеу және инновация орталығының директоры Шәмшәддин Керім, Индиана университетінің (АКШ) Тауау Шығыс, Ислам және Орталық Еуразия зерттеу орталығының қызметкері Акрам Хабибулла, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының қызметкері Палтөре Ықтияр және ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры Төрәлі Кыдыр қатысты. Дөңгелек үстел барысында қолжазба мұраларын сақтау, зерттеу, ғылыми айналымға енгізу және казак руханиятын дамытудағы тарихи дереккөздердің маңызы жан-жақты талқыланды.

Жиыннан соң ҚМДБ Төрағасы Ғылым ордасындағы Ислам мәдениетінің құнды мұралары сақталған арнайы көрмені тамашалады. Көрмеге араб, түрік, татар, шағатай,



парсы және өзбек тілдерінде жазылған сирек қолжазбалар қойылды. Мұражай қызметкерлері жәдігерлердің тарихы мен маңызы жөнінде кеңінен мәлімет берді. Бас мүфти сондай-ақ Ғылым ордасындағы Табиғат, Археология, Сирек кездесетін кітаптар және Қазақстан ғылымының тарихы музейлерін аралап, ғылым мекемесінің музей жәдігерлері мен коллекцияларын сақтау, зерттеу және көпшілікке таныстыру, ғылыми-тарихи және мәдени мұраны насихаттау, ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту жұмыстарын жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарымен танысты. Бас мүфти көне мұраларды сақтап, келер ұрпаққа жеткізу жолында еңбек етіп жүрген музей қызметкерлеріне алғыс білдірді.

мен сәлемі болсын): «Сендердің ең жақсыларың — Құранды үйреніп, оны өзгелерге үйреткендерің», — деген (Бұхари). Міне, бүгін осы сүйінші хадистің аясында тәрбиеленіп, Құран ілімін менгерген шәкірттерімізге куәлік табыстап отырмыз», — деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Іс-шара аясында Асым қырағатының Хафс және Шұғба рунаяттары бойынша, аш-Шатыбия жолымен Құранды толық меңгерген қарилар Ниғматулла Сауранбекұлы, Нұржан Асылбекұлы, Дәурен Саламатұлы, Нұрсұлтан Бөкірұлы, Ринат Русланұлы және Ислам Рахметұллаға ижаза куәліктері табысталды.

Сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Алматы қаласындағы Орта-

лық мешітте жұма намазын жүргізді. Бас мүфти мешітке жиналған жамағатқа «Жетімге қараудың сауабы» тақырыбында жұма уағызын айтты. «Исламның алғаш жылдары бірінен соң бірі түскен аяттарда Алла Тағала жетімдерге жақсылық жасауды бұйырып, олардың ақын-жәуден қатан сактандырған. Алла Тағала ең алдымен ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қаратып былай дейді: «Ол сені жетім күйде тауып, паналатпады ма? Ендеше, жетімді қорлама!» («Дұха» сүресі, 6-9 аяттар). Алла Тағала бұл жерде Пайғамбарымыздың (оған

Алланың салауаты мен сәлемі болсын) балалық шағын еске салады. Ол әлі күрсақта кезінде әкесі Абдулладан, ал 6 жасында анасы Әминадан айырылып, толықтай жетім қалды. Алла Тағала оны жалғыз қалдырған жоқ. Алдымен мейірімді атасы Әбдімүтәліптің, кейін қамқор көкесі Әбу Тәліптің жүрегіне Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген ерекше сүйіспеншілік ұялатты. Жастайынан жетімдіктің дәмін татқан Пайғамбарымыз «сәйиду әл-әйтам», яғни «жетімдердің мырзасы» деп аталған» делі ол. Жұма намазынан кейін ҚМДБ Төрағасы жамағатпен бірге дұға жасап, Алла Тағаладан еліміз бен жеріміздің тыныштығын, аман-дығын тіледі.

ҚЫРҒЫЗ ӨКІЛДЕРІ МҰФТИЯТҚА КЕЛДІ

Қырғызстан мұсылмандары діни басқармасының «Халал» бөлімінің мамандары Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына арнайы келді.

Делегация мүшелері алдымен наиб мүфти Кенжетай Байкемелұлымен кездесті. Қырғыз мұфтияты «Халал» бөлімінің жетекшісі Максат Атабаев өз еліндегі жұмыстар жайынан хабар берді. Кездесу соңында қонақтарға құрмет көрсетіліп, өзара сыйластық пен бауырластық қарым-қатынас айқын көрініс тапты.

Одан ары наиб мүфти Ермек Қасболатұлының төрағалығымен ҚМДБ «Халал Даму» мекемесі мен Қырғызстан мұфтиятының халал бағытына жауапты өкілдердің кездесуі өтті. Жиын барысында екі елдегі халал стандарттарын жетілдіру, сертификаттау жүйесін дамыту, өндіріс орындарында жүргізілетін бақылау-тексеру жұмыстарын күшейту, сондай-ақ халал өнімдердің сапасы мен сенімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Қос тарап халал индустриясындағы заманауи үрдістер мен халықаралық тәжірибе бойынша пікір алмасып, алдағы уақытта бірлескен жобаларды жүзеге асыру, өзара ақпарат алмасу және серіктестікті нығайту жөнінде келісімге келді. Кездесу соңында қатысушылар халал саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және бірлескен жұмыстарды жаңа деңгейге көтеруге дайын екендіктерін тілге тиек етті.

«MUNARA TV» АРНАСЫНДА ЖАҢА ДИРЕКТОР

ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлының бұйрығымен мұфтияттың төл арнасы «MunaraTV» телеарнасының директоры қызметіне Қасымхан Талғатұлы тағайындалды.

Бас мүфти жаңа директордың жауапты қызметіне сәттілік тілеп, телеарнаның қоғамдағы рухани-ағартушылық қызметінің маңызын атап өтті. Сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен дәстүрлі Исламды насихаттау бағытындағы жұмыстарды одан әрі жандандыру қажеттігіне тоқталды.

Өз кезегінде жаңа директор көрсетілген сенім үшін алғыс білдіріп, телеарнаның шығармашылық әлеуетін арттыруға, сапалы рухани-ағартушылық контент әзірлеуге және көрермен аудиториясын кеңейтуге күш салатынын жеткізді.

Айта кетейік, Қасымхан Талғатұлы әр жылдары «Алматы» телеарнасының ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар бөлімінің жүргізуші-тілшісі, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының Алматы филиалындағы «Таңшолпан» таңғы ақпараттық бағдарламалар бөлімінің редакторы, «Хабар» агенттігінің «24KZ» арнасында жаңалықтар бөлімінің II санатты тележүргізушісі, сондай-ақ «Астана» телеарнасында «Astana Times» жаңалықтар бағдарламасының тележүргізушісі, ҚМДБ тілшісі қызметтерін атқарған.

ЖАС ОТБАСЫЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Діни басқарманың Шымкент қалалық өкілдігінің ұйытқы болуымен «Дәстүр және отбасы құндылықтары» атты рухани-танымдық жас отбасылар форумы өтті.

Форум жұмысына Дін мен дәстүр бөлімінің меңгерушісі Ерболат Жүсіпов, Шымкент қаласының бас имамы Бақдәулет Абдрахманов, наиб имам Ахметжан Керімбек, ардагер имам Бекайдар Әміре, ақын және Түркістан облысы, Отырар ауданының құрметті азаматы Құралбек Қосайұлы, белгілі ақын Ақмарал Леубаева, қалалық Салт-дәстүр орталығының қызметкері Нұрлан Есенқұлов және қалалық дәстүр және отбасы бағытының жетекшісі Самат Сапарханұлы қатысып, неке және отбасы құндылықтары жөнінде мазмұнды баяндама жасады.

Форум барысында жас әкелерге «Әке — отбасының тірегі», «Әйел және отбасы», «Ажырасудың алдын алу», «Отбасылық тәрбие және адал қоғам», «Отбасындағы адалдық пен жауапкершілік» және мешіттерде неке қидырған жұптардың қатысуымен ұлттық, отбасылық құндылықтары жөнінде мазмұнды тақырыптар бойынша баяндама жасалды. Сонымен қатар қатысушы тарап көкейдегі сұрақтарын қойып, жан-жақты жауап алды. Сонымен қатар жиында қаланың бас имамы жаңадан отау құрған жас отбасыларға мұсылман неке куәлігі мен алғысхаттар табыстады.

ҚАЖЫЛАР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Қасиетті қажылық сапарына аттанған 4000 отандасымыздың барлығы туған жерге толық оралды.

Қажылар қасиетті Мекке және Мәдина қалаларында болып, Ислам дінінің бес парызының бірі саналатын қажылық құлшылығын орындады. Сонымен қатар қос қасиетті мекендегі тарихи және діни маңызы бар зиярат орындарын аралады.

Қажылық маусымы барысында Қазақстан қажылық миссиясы қажыларға діни, медициналық және ұйымдастырушылық бағыттау бойынша жан-жақты қызмет көрсетті. Сондай-ақ арнайы конкурстан өткен қажылық сапарын ұйымдастырушы 14 турсоператор миссиямен бірлесе отырып, отандастарымыздың қауіпсіздігі мен құлшылық рәсімдерін талапқа сай орындауына тұрақты қызмет көрсетті.

«МҰНАРА» ГАЗЕТІ ТУРНИР ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

■ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА «МҰНАРА» ГАЗЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА ДӘСТҮРЛІ ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ТУРНИР ӨТТІ. БИЫЛ АЛТЫНШЫ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН СПОРТТЫҚ ДОДАҒА ЕЛОРДАНЫҢ ТҮРЛІ МЕДИА ҰЙЫМДАРЫНДА ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН 14 ЖУРНАЛИСТ ПЕН МЕДИА МАМАНЫ ҚАТЫСТЫ.



Жарыс қорытындысында «Мұнара» газетінің директоры Ағабек Қонарбайұлы қатысушыларға алғыс білдіріп, турнирдің әділ өтуіне тұрақты түрде үлес қосып

келе жатқан тәжірибелі спорт жаттықтырушысы Ерлан Жанбырбайұлына арнайы алғыс хат тапсырды. Тартысқа толпы беккеде Мәжілістің баспасөз хатшысы

сы Мұхтар Ыбырайым үздік нәтиже көрсетіп, чемпион атанды. Екінші орынға Qazaqstan ұлттық арнасының журналистер-редакторы Оңғар Алпысбайұлы ие болса, үшінші орынды Республикалық бас мешіттің баспасөз хатшысы Нариман Аманжол канжығасына байлады. Сонымен қатар топтық кезеңнен сүрінбей өткен бірқатар қатысушылар ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Олардың қатарында jarialike.kz сайтының бас редакторы Олжас Қасым, Qazaqstan ұлттық арнасының телеоператоры Айдос Ерболұлы, primeminister.kz сайтының жауапты редакторы Рауан Кайдар, «Балапан» телеарнасының жүргізушісі Алтынбек Сұлтанқұл және Республикалық бас мешіттің операторы Марат Сәдуақасов бар.

Дәстүрлі турнир журналистер арасындағы кәсіби байланысты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған маңызды шаралардың біріне айналып отыр.

Диана ӘДІЛХАН



Арылу


Бір жамандықты тәрк ету — жүз жақсылықтың есігін ашумен тең

Жақсылық пен жамандық арпалысқан заманда өмір сүріп отырмыз. Ұят іске ұрынып қалуға бір-ақ сәт жеткілікті. Өйткені ол өте жақын. Аш бөрідей айналшықтап жүр. Ұрымтал сәт туса, қанжығасын майлағалы тұр. Олжасына оңай айналмау ләзім. Не істемек керек? Кез келген жамандықпен күресудің тиімді әдісі — оған қарсы амал жасау. Яғни жақсылықты көбейту. Ал жамандық онсыз да адамның қыр соңынан қалмайды...

Егер тыю салмасаң

Иманыңды жеп кетер, — деп жырлауы тегін емес. Иә, нәпсіден асау дүние жоқ. Оны тізгіндеу үшін күшті ерік-жігер қажет. Бұрынғы ізгілер адамның өмірін бүлдіруге үш нәрсе жеткілікті екенін айтқан. Олар — құрлымға кетіретін дүние, әрқашан жамандыққа үгіттеуші шайтан, тойымсыз нәпсі. Оның емі — сол нәрсеге қарсы әрекет жасау. Дүниеге берілмеудің емі — одан бас кешу. Лағынеті шайтанның тұзағына түспеуге итермелейтін іс — Алланың әміріне толық мойынсұну. Ал нәпсіден сақтанудың жолы — қалауды тәрк ету.

Әр адамның бойында өзі ұнатпайтын мінез болады. Өзін тәрбиелеу жолында жүрген пенде сол жағымсыз әдетімен өмір бойы күреседі. Бірде женеді, бірде жеңіледі. Ең басты жеңіс — жамандықтан арылу жолындағы күресті тоқ-



Әр адамның өзі білетін жағымсыз әдеті бар. Оны бөтен біреуге айтуға ұялудың өзі сол нәрсенің жаман әдет екенін білдірсе керек. Адам ә дегеннен әлемді өзгерткісі келеді. Ал даналыққа ұмтылған жан ең әуелі өзінің ішкі әлемін түзеудің маңызын түсінеді. Өзін таныған адам ғана Құдайды таниды. Жан-дүниесіне үңілген пенде нәпсіден асқан дұшпаны жоқ екенін аңғарады. Өйткені нәпсі әрқашан жамандықты сыбырлаушы. Нәпсісін тазартқан адам ғана жақсылыққа жетеді. Кірлеткен жан жамандыққа тап болады. Шал ақынның:

Нәпсің бір көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай,

татпау. Біз көбіне өзгенің кемшілігін көреміз. Біреудің өмірін талқылауға бейімбіз. Өзгеге қатал, өзімізге жұмсақпыз. Айналадағы адамның бойынан көрген кемшілік өзімізде де бар екенін ұмытып кетеміз. Өйткені нәпсіміз шындықты қаламайды. Бәлкім мойындағысы келмейді.

Жамандықтан арылуды шынайы қалаған адам өзгенің кемшілігін өзінің бойынан көруге тырысады. Ілімнің қақпасы атанған хазіреті Әли (оған Алла разы болсын): «Ең алдымен өз нәпсіне, содан кейін адамдарға насихат айт!» — деген екен. Осы жолдарды жазу бізге де онай тиген жоқ. Ішкі үніміз: «Осыған өзін қаншалықты лайықтысың? Өзгеге айтқан сөзіне сай амал етіп

жүрсін бе?» — деп гуілдейді де тұрады. Осындайда ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Уа, Адам! Бей-немді әдемі етіп жаратқаның секілді мінезімді де көркем ете гөр!*» — деген дұғасы еске түседі.

Ғұламалар жамандықтан арылу үшін игі амалдар жасаумен қатар ізгі ортамен берік байланыс орнату қажет екенін айтқан. Біз бұған ізгі жар тандауды қосар едік. Өмір тәжірибесі көрсеткендей, ер мен әйелдің мінезі мен көзқарасы, ұстанымы мен адамгершілік қасиеті бір-біріне әсер етпей қоймайды. Мұны мойындамасқа лаж жоқ. Өзге емес, өз жайымды айтсам. Иә, адам баласы кемшіліксіз емес. Әркімнің өзіне тән әлсіз тұстары мен бойына сіңіп қалған жағымсыз әдеттері болады. Оны үйдегі жарың жақсы біледі.

Менің бір жағымсыз әдетімді тәрк етуіме әйелім Салтанаттың себепші болғанын осы сәтте ақтарыла айтқым келеді. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген рас сөз. Жанашырың ғана жылатып айтады. Әрбір жаман істің өтемі бар. Осы тәсілді мойындаймын. Жағымсыз іс өзіннен өтіп, ұрпағына жұққанда жыламай көр... Барлық жаман істен бірден арылу қиын. Десе де бір ғана жаман әдеттен бас тартудың өзі — үлкен рухани жетістік. Бір жамандықты тәрк ету — жүз жақсылықтың есігін ашқанмен тең.

Өмір көрген парасатты жандардың кеңесіне құлақ ассақ, көп жақсылық жасауға шамасы келмеген адам өзінің бойында бар бір жақсы әдеттен айырылмауға тырысканы абзал. Өйткені жақсы әдет — адамгершіліктің әшекейі. Ол түбінде жаман мінезді жоюға он ықпал етеді. Бір жамандықты, яғни бір күнәні тәрк еткен адам өз өміріндегі үлкен рухани өзгеріске өзі есік ашады. Бір күнәні тәрк ету тәубенің бастауы екені хақ. Ал тәубе — шынайы ниеттің, жүрек тазалығының белгісі.

Өтірік айтуын доғарған кісі өз ортасында сенімге ие бола бастайды. Ғайбаттан бас тартқан адам тілін жамандықтан сақтайды. Ал ашуын женген пенде сабырлы болудың жемісін көреді. Имам Ғазалидың (оны Алла рақымына алсын): «Нәпсімен күрес үлкен істерден емес, кішкентай күнәларды тәрк етуден басталады», — деген сөзінің мәні осы шығар.

Біз өзімізге берілген қалау еркіміз арқылы қандай да бір істі жасауға бекиміз. Егер ол жақсы ниет пен ізгі іс болса, Алла бізге сол нәрсені істейтін күш пен қуат береді. Бір қиындыққа тап болған адамдар сол сәтте тандау мен ойлау еркі арқылы екіге бөлінеді. Алғашқысы — кінә мен мың сылтау іздеушілер. Кейінгісі — оны мүмкіндік ретінде қарастырып, сауап іс деп санайтын-дар. Мұндайда адамның ой-санасы, парасатпайымы, ізгі ниеті маңызды рөл атқарады. Ізгі ой жақсы амалға жетелейді. Жамандықтан арылып, жақсылыққа қадам басуға итермелейтін іс — ҚАЙЫРЫЛУ.



анамның дауысын бір-ақ секунд есту үшін бәрін берер ем. Қастарыңызда жүрген кезде қадірлеңіздерші! Ал анаңыз тірі болса, осы дүниелерді дәл қазір жасап үлгеріңізші», — деп жазды ол. Рас айтады. Өмір бойы өкінбес үшін жақын адамды барында бағалап, батасын алып, қадірлеп, сыйласып өткенге не жетсін.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аш адамның қарнын тойдыруға, теңі табылған бойда бойжеткен қызды тұрмысқа беруге, қарызды уәделі уақытта тезірек қайтаруға, қандай да қателік жаса-сақ, лезде тәубе етуге асығуды өсиет еткен екен.

Біз көп жағдайда өмірімізді өзгерту үшін үлкен мүмкіндіктерді күтеміз. Алайда өмірді өзгертетін күн сайын жасалатын кішкентай жақсылықтар екенін ұмытып кетеміз. Бір ауыз жылы сөз, кішкентай көмек, бірінші болып кешіру сынды амалдар адамның тағдырын түбегейлі өзгертуі мүмкін. Себеп іздеген адам «уақытым болғанда, жағдайым түзелгенде, зейнетке

шыққанда істеймін» деп жақсылықты кейінге қалдыра береді. Бірақ өмір ешкімді күтпейді.

Кейде өзіме: «Менің қолымнан не келеді?» — деген сұрақ қоямын. Алайда айналанды өзгертетін ұлы істер қарапайым әрекеттен басталатынын сезесің. Балаға дұрыс тәрбие беру болашақта тұтас бір отбасының, оның ұрпақтарының болашағына қосқан үлесім деп ұғасың. Бір адамға қол ұшын созу бір шаңырақтың үмітіне қанат бітіру деп түсінесің. Бір адамға дұрыс бағыт көрсету бүтін бір тағдырды өзгертуге он ықпал еткенім деп топышпайсың. Бұл ойлар кез келген жақсылықты кішкентай деп санамау қажеттігін дәлелдей түседі.

Кез келген салада жетістікке жеткен адамдардың ортақ қасиеті бар. Олар күтпейді, бастайды. Ең жақсы мүмкіндік — дәл қазіргі сәт. Өмір қысқа, ал уақыт шектеулі. Мүмкіндік мәңгі емес. Сондықтан жақсылықты кейінге қалдырмаған абзал. Бір күні «жасаймын» деген амалды бүгін жасау ләзім. Ендеше жақсы іске асығуға итермелейтін қасиет — ЕКІЛЕНБЕУ.

Бірде шаруаның бабымен жұмыстан кештеу шықтық. Жұмыс маңайында университет болатын. 3-4 студент қол бұлғап, такси шақырып тұр екен. Ой үстінде жүрек керек. Өте шықтық. «Қап, тегін-ақ ала кетсек болар екен. Оларда қайбір қаражат бар дейсің» деген ой жүрекке ұялап алды.

Қайырылу

Бағдаршамнан өтіп, біраз ұзап кеттік. Әлгі ой маза берер емес. Ақыры кері қайырылуға бекіндік. Студенттерге жасаған бір көмегіміз болсын деген ниетпен екі көшеден кейін артқа бұрылып, әлгі жерге келдік. Бірақ олар орнында жоқ. Қайта айналып жеткенше өзге көлікпен кетіп қалғанын түсіндік. Жақсы мүмкіндікті жіберіп алғанға көңіл жайланар емес. Студенттерді жеткізіп салмаған соң жақсылықтың есігі жабылғандай әсер қалдырды...

Бір күні көшеде көмек сұраған адамды кездестірдік. Ол кісі қолын жайып, садақа сұрады. Біз оған мән бермей өтіп кеттік. Сол сәтте көмектесуге мүмкіндігіміз болды. Бірақ әлдебір ойлар садақа беруден тосты. «Кейін берермін. Бәлкім, шынымен мұқтаж емес шығар. Ақша сұрауды әдетке айналдырғанның бірі болар» деген сынды сан түрлі сылтаулар мен орынсыз ойлар сол мезетте жақсылық жасауға бөгет болды. Сөйтіп ары қарай жүре бердік.

Алайда адам кейде өзгелерден емес, өз жүрегінен қашып құтыла алмайды екен. Әлгі кісіден алыстаған сайын көңілде бір мазасыздық пайда болды. Оның мұңды бейнесі көз алдымыздан кетпей қойды. Жүректе әлдебір өкініш ұялап, ішкі жан-дүниеміз тыныштығын жоғалтты. Себебі біз әлгі адамды емес, өзімізді аядық. Өйткені жақсылық жасау мүмкіндігін жіберіп алғанымызды тағы да кеш түсіндік.

Асылында Алла Тағала әрбір адамға өмірінде көптеген жақсылық жасау мүмкіндігін береді. Бірақ сол мүмкіндікті дер кезінде пайдалану еркімнің қолынан келе бермейді. Кейде нәпсі жеңеді, кейде күмән басым түседі, кейде дүние тіршілігі жүректің ішкі үнін естіртпейді. Дегенмен адамның жүрегі тірі болса, ол жасай алмай алған жақсылығын ұмытпайды. Оған қайта оралудың жолын іздейді.

Бізге де солай істеу бұйырды. Бірнеше кадам жасағаннан кейін қайта бұрылды. Жүрек: «Тез бар! Әлгі мұқтажды тап!» — деп қатан үнмен өмір еткендей болды. Сонымен қайта қайтырылды. Әлгі кісіні іздей бастадық. Біраз жер жүрген соң оны көрдік. Қасына барып, қолдан келген көмекті бердік. Сол сәтте тұла бойдан өткізген сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Берген садақаның мөлшері көп те емес еді. Бірақ жүрек шіркін ерекше жеңілдеп қалды. Ішкі дүниеізде әлдебір тыныштық орнады.

Біз сол кезде бір ақиқатты түсіндік: кейде адам өзгеге жақсылық жасағанда сол игі амалы арқылы өзінің жүрегін емдейді екен. Садақа алған адам қуанады. Ал оны берген пенденің жүрегі тыныштық табады. Шынында мол ризық пен сауапқа бөлену ісінде садақа алушы емес, беруші адам көбірек мұқтаж. Әш-Шәғбидің «Өзінің сауапқа мұқтаждығын кедейдің садақаға мұқтаждығынан артық көрмеген адамның садақасы қабыл болмайды», — деген сөзінде түсінгенге терең мән жатыр. Бұл тағылымды ой адамның садақа беруде сезінетін үстемдік, артықшылық, төкаппарлық сынды сезімін басады.

Бастан өткен оқиғадан кейін қайырылу ұғымына деген көзқарасымыз түбегейлі өзгерді. Бұрын қайырылуды физикалық тұрғыдан кері бұрылу деп түсіндік. Енді оның рухани мәнін тереңірек ұға түстік. Қайырылу өткенге қайтып баруды білдірмейді. Қайырылу — жіберіп алған жақсылыққа қайта оралу. Қайырылу — ар-ожданның үніне лайықты жауап беру. Қайырылу — жүректегі мейірімді қайта тірілту. Осындай ой түйдік.

Өмірде әрқайсымыз осындай жағдайларды бастан кешеміз. Кейде ата-анамызға айтылмай қалған жылы сөзіміз, кешірім сұрауға тиіс жақынымыз болады. Кейде қол ұшын созуға мүмкіндік бола тұра көмектеспей кетеміз. Кейде біреудің көңілін сұрауды, халін білуді кейінге қалдырамыз. Бірақ уақыт өте келе сол әрекеттердің бәрі жүрегімізге салмақ сала береді, сала береді. Міне, сондай кезде адамға қайырылу керек.

Егер ата-ананың көңілін қалдырсаң, қайта барып разылығын ал. Егер біреуге қатты сөз айтып қойсаңыз, қайта барып кешірім сұраңыз. Егер біз секілді мұқтаж жанға көмектесе алмай қалсаңыз, қайта барып жәрдем беріңіз. Егер біз жақсылықты жіберіп алсаңыз, оның орнын толтыруға тырысыңыз. Өйткені ізгілікке апаратын жол ешқашан жабылмайды. Кез келген пенде қателеседі. Адамның ұғатын тұсы — қатесін түсініп, оны түзете білуінде. Адам осындай игі істерімен рухани тұрғыдан жетіледі. Қайырылу әлсіздіктің белгісі емес. Керісінше рухани батыллықтың көрінісі дер едік. Өйткені өз қатесін мойындап, оны түзету үшін үлкен жүрек керек.

Біз «мүмкіндік өтіп кетті» деп ойлаймыз. Бірақ жақсылыққа қатысты мүмкіндіктің бәрі біржола жоғалып кетпейді. Егер жүректе ықылас болса, Алла Тағала оған қайта жол ашады. Ең бастысы жүрек үнін ести білген абзал. Сол бір қарапайым оқиға бізге де үлкен сабақ болды. Біз түсінген ақиқат мынау: жақсылықтың ең үлкен жауы жамандық емес, немқұрайлық. Ал жақсылықтың ең үлкен серігі — жүректегі мейірім. Егер мейірім басым болса, адам міндетті түрде жақсылыққа қайта оралады.

Жақсы іске қайырылған пенде өзінің ар-ұятымен қайта табысады. Жоғалта жаздаған адамгершілік қасиетін қайта тіктейді. Сондықтан қайырылу өткеннің соңынан жүгіру емес, керісінше жүректің жоғалтқысы келмеген ең ұлы байлық — иманға қайта жетуі. Жақсы амалға қайта оралған адам ар-намысын оятып қана қоймай, жіберіп алған жақсылықты жасап үлгереді. Өмірдің шынайы мәні де осында.

Біз әрдайым мінсіз бола алмаймыз. Кейде сүрінеміз, кейде кешігеміз, кейде қателесеміз. Бірақ жүрегіміз тәніміз бен рухымызды жақсылыққа бұрып тұрса, біз әрқашан адамгершілік қасиетімізбен қайта қауыша береміз. Өйткені адамды адам ететін нәрсе — қателеспеу емес, жақсылыққа қайта жол таба білу. Халық даналығында айтылатын «Жақсылықтың кеші жоқ» деген сөздің мәні осы болар. Ендеше адамдық қасиетке жетелейтін амал — жақсы іске АСЫҒУ.

Алла Тағала Құранда былай дейді: «Ұа, адам баласы! Шүбәсіз, сендерді бір ер және бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-бірлеріңді танып, білулерің үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында, Алланың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шәксіз, Алла – бәрін Білуші, бәрінен Хабар алушы!» («Хужурат» сүресі, 13-аят). Бір бойына алапат ақпаратты жинаған бұл аяттан не түйеміз?

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ – МҰСЫЛМАНДЫҚ МІНДЕТ

Біріншіден, адамзаттың нәсілі бір. Яғни бүкіл адамзат бір ата, бір анадан тараған. Сондықтан бір-бірінді құрметте, жақсы көр, жәрдемдес.

Екіншіден, адамзат түрлі ұлтқа бөлінген. Алла Тағала адам баласын ұлттар мен руларға бөлген. Ондағы мақсат бір-бірімен таныстыру, жақсылық жолында жарыстыру. Осылайша сантүрлі «бояумен» тіршіліктің қызуын арттырып, қызығын кіргізген.

Үшіншіден, адамзатты құрметтеу керек. Соның ішінде өз ұлтына қызмет ету — мұсылмандық міндетіңнің бірі. Ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің: «Халыққа қызмет — Хәк-қа қызмет», — деген қанатты сөзі бар. Яғни Құдай сыйлаған ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық бет-бейнеміз бен мәдениетімізді (тіл, дін, салт-дәстүр, өнер, т.б) сақтау — абыройлы міндетіміз, өтер сынағымыздың бір қыры. Ата-ананың абыройына дақ салмау, бабаларыңның арман-тілегін арқалау — азаматтың миссиянның бір тар-мағы.

Төртіншіден, адамзаттың бәрі бірдей. Ешкім ешкімнен артық та емес, кем де емес. Жекелеген адамдар мен ұлттар арасындағы артықшылық ар мен ақылда, мейірім мен сабырда, бір сөзбен айтқанда, адамгершілікте және ізгілік жолындағы еңбегінде, жасаған жақсылығында.

Бесіншіден, кемелдікке ұмтылу керек. Тақуалықтың түп мәні — адамгершілік, адами кемелдікке ұмтылу. Пенде Жарату-шысын танығанда, жаратылу мақсатына сай болғанда ғана кемелдікке беттейді.

Алтыншыдан, адамшылықтан аттамау. Мұсылман шектен шыққан ұлтшылдықтан сақтануға тиіс. Алланың Бір екенін, адам баласының бір Ата, бір Анадан тарағанын, яғни әр адам бауырын екенін ұмытпау лә-зім. Адамшылық — ең үлкен құндылық, ал ар-иман — ең үлкен қасиет.

Жетіншіден, Аллаға мойынсұну. Мұсыл-ман болу — нәпсіңе емес, Рақымды Иеңе бойсұну. Өзгелерден ерекшеленіп, бақталас болу емес, даралығынды таба отырып, бір-

лікті сезіну. Қазақтығынды сактай отырып, адам болу. Өйткені Ислам — пенде-адамнан тұлға-адам қалыптастыратын, тобырдан текті ұлт жасайтын қасиетті ілім, махаббат-пен жаратқан Ұлы Раббымыздың разылы-ғын табуды үйрететін негізгі заң, бүкіл із-гілік ұстындарын бойына жиған, бақытқа жеткізер өмір жолы. Ендеше, ұрпағымызға ұлтына ұл болуды, Жаратқан Иесіне құл болуды үйрету де — ата-аналық парызымыз.

Иә, саналы жан өзінің бір қауымның, ұлттың өкілі екенін және көрер қызығы мен көрешегі осы ұлтпен бірге екенін түйсінеді. Ұлтының тарихынан тағылым алып, ар-ман-мұратына жалғанады. Туған ұлты үшін еңбет ету керектігін түсінеді. Ол дін ұстану, мұсылман болу жауапкершілік арқалау, жасампаздыққа ұмтылу екенін біледі. Ол басты мұраты адам болу арқылы Раббысы-ның разылығын табу екенін есінен еш шығармайды.

Алғай ӘБІЛҒАЗЫҰЛЫ

● ЕЛ ІШІНЕН ЕКІ СҰРАҚ

СУРРОГАТ АНА ҚЫЗМЕТІ ШАРИҒАТҚА ҚАЙШЫ МА?

■ **Ерлі-зайыптылардың жыныс жасушаларын зертханалық жағдайда ұрықтандырып, одан пайда болған эмбрионды бала көтеруге келісім берген басқа әйелдің жатырына орналастыру арқылы жүзеге асатын репродуктивті әдіс құрсaq аналық (суррогат ана) деп аталады.**

Қазіргі заманғы Ислам ғалымдарының басым көпшілігі құрсак анаға тыйым салған. Бұл ұстаным 1986 жылғы Амманда өткен Ислам фикһ академиясының үшінші отырысында қабылданып, суррогат ананың барлық түрі тектің араласуына, аналық мәртебеге қатысты дауларға және басқа да шариғат құптамайтын нәрселерге алып келетіндіктен, харам деп танылған. Сондай-ақ 2001 жылы Қайр қаласында өткен Ислам зерттеулер ұйымы да осы пікірді қуаттап, құрсак анаға тыйым салу жөнінде пәтуа шығарған (Һинд әл-Хули, «Тәжиру әл-архам фи әл-фикһи әл-исләмия», Дамаск университеті, Экономика және заң ғылымы журналы, №3, 2011 жыл; Юсуф Абдурахман Қарт, «Қадая фикһия муғасара», 16-17 беттер). Ғалымдар бұл пікірлеріне Алла Тағаланың: «**Ұятты жерлерін сақ-таушылар тек өз жұбайлары мен қол астындағы күндерден басқалардан** (әуретін сақтайды)» («Мүминун» сүресі, 5-6 аяттар) деген аятын дәлел ретінде келтірді. Олар аяттағы «**ұятты жерлерін сақтайды**» деген ұғым бөгде адамның ұрығын немесе ұрықтандырылған жасушаның әйел жатырына енгізілуінен сақтануды да қамтиды. Оған қоса құрсак ана тәсілінде бөгде әйелдің жатырына ұрық немесе зиготаны енгізу некелік қатынастан тыс болғандықтан, бұл әрекет зина болып саналады дейді. Сондай-ақ Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Аллаға және ақырет күніне иман келтірген адамға өз сүймен* (ұрығымен) *басқа біреудің егістігін суаруға болмайды*», — дейді (Әбу Дәуіт, №2160). Бұл хадис құрсак ананың харам екеніне анық дәлел. Себебі құрсак ана тұрмыстағы әйел болса, жатырға ұрықты салғаннан кейін күйеуімен төсек қатынасында болған жағдайда зигота күйеуінің сүймен суарылады. Ал Пайғамбарымыз (оған Алланың салуаты мен сәлемі болсын) оған тыйым салды.

Бұдан бөлек фикһтағы «зиянның алдын алу пайданы іске асырудан жоғары» деген қағидасына сүйене отырып, құрсак ана тектің араласуына, баланың нақты анасы жөнінде дау туындауына, психологиялық қиындықтарға, отбасылық және құқықтық келіспеушіліктерге жол ашатынын айтқан. Сонымен қатар әйелдің жатыры саудаға немесе жалға берілетін мүлік ретінде қарастырылмайды. Осы себепті жатырды жалға беру шариғат



талаптарына қайшы деп бағаланған (Мұхаммад Усман Рофат, «Истижәру әл-архам», Заманауи мұсылман журналы, №101, 2001 жыл; Ислам фикһ академиясының журналы, №2, 1986 жыл). Қорыта айтқанда, суррогат ана тәсілі тектің араласуына, аналық мәртебеге қатысты даулардың туындауына, психологиялық қиындықтар мен құқықтық мәселелердің пайда болуына себеп болғандықтан, оған шариғат тұрғысынан тыйым салынады. Перзент сую әрбір отбасының табиғи қалауы болғанымен, бұл мақсатқа жетуде шариғат белгілеген шекара сақталуы тиіс. Өйткені Ислам діні текті сақтауға ерекше мән береді және оның бұзылуына алып келетін кез келген жолдың алдын алуды көздейді.

ОНЛАЙН ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУ ШЫҒЫНЫН КІМ ӨТЕЙДІ?

■ **Онлайн сауда – сатушы тауардың суретін, сипаттамасын және бағасын ұсынатын, ал сатып алушының соған келісім беруі арқылы жүзеге асатын мәміле түрі. Фикһта бұл «сипаттамасы белгілі, бірақ көзге көрінбеген тауарды сату» санатына жатады.**

Ғалымдардың басым көпшілігі мұндай саудаға рұқсат берген. Өйткені шариғаттағы негізгі қағида бойынша тыйым салынғанна нақты дәлел келмейінше, мәмілелердің түпкі негізі — мубах, рұқсат етілген болып саналады (Мұхаммад ибн Хасан әт-Тәмими, «Нәуәдиру әл-фукәһә», 241). Егер тауардың сипаттама-сы нақты көрсетіліп, сауда мәмілесінің барлық шарты орындалса, онда онлайн сауда шариғат тұрғысынан дұрыс болып есептеледі. Сондай-ақ сатып алушы тауарды көрмей сатып алған жағдайда, оны қолына алған кезде тандау құқығына ие болады. Яғни тауар көрсетілген сипаттамаға сәйкес келсе қабылдайды, ал сәйкес келмесе, қайтаруға құқылы (Мәргһинәни, «Бидәяту әл-мубтәди», 133).

Онлайн сауда жасалып, тауар сатып алушыға жеткізілгеннен кейін оны белгілі бір себептермен (мысалы, ақауына байланысты немесе шартта қарастырылған тандау құқығын пайдалану арқылы) қайтаруды қаласа, онда Ханафи, Шафиғи және Ханбали мәзһабы бойынша қайтару шығынын сатып алушы көтереді (Шәуки Ибраһим Ағләм, «Тәкхлифәту иржәғи әс-сигәти фи хәләти әш-ширә ән тариқи әл-интернет», Мысыр пәтуа комите-тінің ресми сайты, №8152 пәтуа, 2023 жыл). Ханафи ғалымы Ибн

Абидин: «Ақау себебімен немесе шартта қарастырылған тандау құқығына байланысты қайтарылатын тауардың жеткізу шығыны сатып алушыға жүктеледі», — деген («Радду әл-мухтар», 4/594). Бұл пікірді Ибн Мәжа, Нәсәи риуаят еткен хадистегі Пайғам-барымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Ал-ған нәрсенді иесіне қайтарғанға дейін оған жауаптысың*», — деген сөзі де қуаттайды. Осы негізге сәйкес, тауарды қайтаруға байла-нысты жеткізу шығындары, негізінен, сатып алушыға тиесілі. Дегенмен тараптар өзара келісім арқылы бұл тәртіпті өзгерте алады.

Түйіндей келгенде, онлайн сауда шариғатта рұқсат етілген мәміле түріне жатады. Тауар сипаттамасы нақты көрсетіліп, мә-міле шарттары сақталса, сатып алу-сату дұрыс болып саналады. Сатып алушы тауарды алғаннан кейін оның сипаттамаға сәй-кестігін тексеруге және сәйкес келмеген жағдайда қайтаруға құқылы. Ал тауарды қайтару шығындары, негізінен, сатып алу-шының мойнында болады. Алайда бұл тараптардың келісіміне қарай өзгеруі мүмкін.

Дайындаған Бауыржан ӘБДУӘЛІ

● ҚҰРАН ІНЖУЛЕРІ

«Рум» сүресі



■ **«Рум» сөзінің мағынасы «римдіктер» дегенді білдіреді. Сүренің бұлай аталу себебі – алғашқы аяттарда римдіктердің жеңілісі (парсылардан жеңіліс тапқан) жайында айтылған. Алайда аз уақыттың ішінде олар өздерін жеңген парсыларға тойтарыс беретіні жайында хабар берген. Тарихшылар римдіктердің бұл жеңісі мұсылмандардың Бәдір соғысындағы жеңісімен қатар келгенін жеткізген.**

РЕТТІЛІГІ, АЯТ САНЫ

Құрандағы реттілігі жағынан 30-сүре, аят саны 60. Сүре меккелік аяттар қатарында, тек 17 аяты мә-диналық аяттарға жатады. «Инши-как» сүресінен кейін түскен. Құран-ның 21-парасында 404-410-беттерде орналасқан.

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Сүреде Алланың мұғжизасы келтірілген. Римдіктер парсылардан ойсырай ұтылғанда олардың жақын арадағы жеңісін суреттеу қиын еді. Дегенмен Құранда бұл жеңіс жайында алдын-ала хабар берілген. Бұл Исламның әлемдік дін екенінің көрінісі. Бұл сүреде Алла өтіп кеткен қауымдар жайында ой жүгіртуге шақырады. Адамды әйел, еркек қы-лып бөлуіндегі, түрлерін бір-біріне ұқсатпай, тілдерін сан алуан қылып жаратуындағы хикметі баяндалады.

АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Әнас бин Мәликтен жеткен хадисте: «**Кім әр түні «Рум» сүресін оқы-са, Қиямет күні оның қорқынышынан аман болған халде тіріледі**», — деген.

ІНЖУЛЕРІ

«Олар бір сәтке болса да оңаша қалып ойланбай ма? Алла күллі аспан әлемі мен жерді, сондай-ақ екеуінің арасындағы барлық нәрсені хақ мақсатта һәм ақиқатқа, мыз-ғымас мінсіз жүйеге негіздеп және олардың әрқайсысына өлшеулі ғұмыр беріп жаратты. Соған қа-рамастан адамдардың дені Раббы-

Дайындаған Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ ВО ИМЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Посланник Аллаха Мухаммад (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: «Лучший из людей – тот, кто приносит пользу людям».

Руководство и коллектив медресе-колледж Абу Бакр Сыдлык выражают искреннюю благодарность основателю группы компаний ZETA Омарову Канату Байтеновичу за оказанную значительную помощь в виде мебели и материальной поддержки нашему учебному заведению. Ваше благородное дело является живым воплощением смысла данного хадиса. Вклад, который Вы внесли в развитие нашего медресе, играет важную роль в создании благоприятных условий для обучения и воспитания студентов. Благодаря такой поддержке наши воспитанники получают возможность приобретать качественные знания и воспитываться в духе нравственности и духовных ценностей.

Оказанная Вами помощь — это не только материальная поддержка, но и весомый вклад в развитие религиозного образования и воспитание будущего поколения. Пусть Всевышний Аллах примет все Ваши благие дела, многократно вознаградит Вас и дарует Вам и Вашей семье крепкое здоровье, благополучие, достаток, мир и успех во всех начинаниях!

С уважением, Коллектив Медресе-колледж Абу Бакр Сыдлык



(жалғасы келер санда)



Алдымен білікті мамандар дайындық жұмыстарын жүргізіп, Қағбаның алтын жалатылған әшекейлерін бөлшектеді, қасиетті есіктің пердесін шешіп, айналасына арнайы қоршаулар орнатты. Қас қарая күшейтілген күзеттің сүйемелдеуімен зәулім алаңға жаңа қисуа жеткізіліп, шеберлер оны ілуге кірісті. Бір жауапты іске 150-ден астам таңдаулы шебер мен техникалық маман жұмылдырылды. Жұмыс барысы зергерлік дәлдікті талап етті: қасиетті үйдің қабырғасы бір сәтке де жалаңаш қалмауы үшін, алдымен жаңа мата бөліктері Қағбаның төбесіне шығарылып бекітілді, содан кейін ғана ескі жамылғы төмен сырғытылды. Қағбаның төрт тарапы кезекпен қанартылған соң, алтын мен күміс жіптермен зерленген белбеу (хизам) мен есік пердесі (бурка) өз орнына қонды. Мұхаррам айының алғашқы күні басталғанда Қағба жаңа қисуасымен құлпырып шыға келді.

Оң ай бойы тоқылатын қисуа – Ислам өнерінің төндессі жаяулары. Меккедегі Король Абдул-Азиз кешенінде тек жоғары сапалы қара жібектен әзірленетін бұл туындының бетіне Құран аяттары мен өрнектер алтын және күміс жіптермен кестеленеді. Әртүрлі деректерге сүйенсек, оны дайындауға 825-тен 1000 келіге дейін жібек, 60-100 келі күміс және 120 келі алтын шығындалады. Ал қасиетті жамылғының жалпы құны шамамен 20 миллион сауд риалына бағаланған.



Бұл клубтың әрбір ойыншысының бір ғана аяғы бар. Алайда бұл жағдай олардың футболға деген махаббатын сөн-

Бұл клубтың әрбір ойыншысының бір ғана аяғы бар. Алайда бұл жағдай олардың футболға деген махаббатын сөн-



«Munara gazeti» ЖШС

Директор
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай КҮРБАНУЛЫ
Ермек МУҚАТАЙ
Ершат ОҢҒАР
Смайыл СЕЙТБЕКОВ
Батыржан МАНСҮРОВ
Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ
Марат БЕКТАЗИНОВ
Марат ЖАППАСБАЕВ
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Төлеби ОСПАН
Бақдәулет АБДРАХМАНОВ

Серікбол ХАСАН

Нариман АМАНЖОЛ

Шариғи редактор –
Бауыржан ӘБДУӘЛІ

**Жауапты хатшы –
Елдар ҚАБА**

**Фототілші –
Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ**

Астана қаласы,
Қарасаз, 3
«Мунга» газетінің редакциясы

Пошта: munara@muftyat.kz
Телефон: 8 (7172) 999866
Жазылу индексі: 64747

Газет айына 2 рет шығады

Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің Ақпарат комитетінде
08.10.2019 жылы тіркеліп,

орталығында беттелді.

ТАРАЛЫМЫ – 21 400

Тапсырыс: №834
Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369
«Гамма-Принт» ЖШС
Тел: +7 (727) 247-98-30

материалдарды сілтемесіз көшіріп
басуға болмайды.

басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты

МАВРИТАНИЯ ТУРИЗМІ ҚАЙТА ТҮЛЕДІ

қытта елге жылына небәрі 4 мыңдай жиһанкез келсе, қазір бұл көрсеткіш бірнеше есеге артты. Британиялық сарапшы Шон Коннели Мавританияны еш қауіпсіз зерттеуге болатын ең үздік елдер қатарына қосты.


Саяхатшыларды бұл елде Нуа-дибу мен Зуэрат арасындағы 640 шақырымдық күнделікті пойыз сапары, Адрар таулы аймағы, ежелгі Уадан қаласының қирандылары және «Сахара көзі» атан-

Куала-Лумпур
қаласында Дүниежүзілік мұсылман
лигасы мен Малайзия үкіметінің
ұйымдастыруымен Дін лидерлерінің III
халықаралық саммиті өтті. Әлемнің 31 елінен келген
1500-ге жуық делегат алқалы жиында бас қосты.

МАЛАЙЗИЯДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САММИТ

Малайзиядағы Перак сұлтанының басшысы Назрин Шах форумның ашылуында нейрожелілер таратыатын жалған ақпараттың жылдамдығына тоқталды. Оның айтуынша, мешіттің дәстүрлі уағыздар интернеттегі ақпарат ағынымен бәсекелесе алмай жатыр. «Қазіргі таңда экстремистер мен дін ұстаздары бірдей жастардың жүрегін жаулауға тырысып жатыр. Егер бұған жауап ретінде тек түсініксіз тілдегі уағыздар ғана ұсыныла берсе, радикализмге қарсы тұра алатын тұрақты ұрпақ тәрбиелеу қиына соқпақ» деді ол.

Дүниежүзілік мұсылман лигасының бас хатшысы, шейх Мұхаммед ибн Абдулкарим әл-Исса




**ҚЫРҒЫЗСТАН
«ХАЛАЛФА» МӘН БЕРЕДИ**

Жана ережеге сөйкөс, будан былай халал өнүмүн шыгаратын кез келген өндүрүш арнайы улуттук сөйкөстөгү белгисин жана өзине гана тисилеи бйрегей QR коды алууга мйндеттеледи. Өнүмдерди сертификаттау процесине елдин Кыргызстан мусулмандары дйни баскармасы тйкелей катысалды. Дйни баскарма мамандары тауарлардын шарият пен халал стандарттарына каншалыкты сай екенин жйтй тексереди. Ал сертификат алган барлык өндүрүшйлери, импорттаушылар жана кужаттар туралы мълметтер ортак автоматтандырылган жуйеде сакталатын болады.

команданын аркасында өмірге кайта оралган. Ол жаттыгуу алаңына жету үчүн күндө экі сагат бойу балдакпен жаяу жүрөдү. Тіпті арнайы спорттык аяк киімі деле жок. «Колымызда ештеңе жок, бирок биз бар мүмкүндүккө футболду тірілтуге тырысып жатырмыз» дейди ол.

Ал 40 жастағы Сағаді әлі-масри есімді ойыншы Палестинаның атынан халықаралық жарыстарда өнер көрсетуді армандайды. Ол ФИФА-ның Ғазада 5 стадион мен футбол академиясын салу туралы берген уәдесін әлі де орындамай отырғанына қынжылыс білдірді.



бірегей тарихи нысандарға күзет пен билет кассаларын қойып, көбірек қамқорлық жасау қажеттігін атап өтті.

БИЛЕТ САТУДАН ӘЛЕМДІК РЕКОРД ОРНАДЫ

АҚШ, Мексика және Канадада өтіп жатқан футболдан 2026 жылғы әлем чемпионаты билет сатудан әлемдік рекорд орнатты. ФИФА-ның мәліметінше, небәрі 33 күн ішінде ұйымға мүше 211 ел мен аумақтан 500 миллионнан астам өтініш келіп түскен (тәулігіне орта есеппен 15 миллион). Бұл – жер шарындағы кез келген спорттық іс-шара тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

ни араздық пен де насихатталып сшыларың құрғақ ағдарламаларына ия Премьер-ен Ливандағы алға келтіре моральдық ыдарды. ыды

Билеттер 104 матчтың әрқайсысы бойынша кездейсоқ жеребе арқылы үлестірілді, ал сәтсіздікке ұшыраған жанкүйерлер үшін соңғы сәтте тірі кезекпен сатып алу мүмкіндігі (Last-Minute Sales) қарастырылған. Солтүстік Америка елдерінен бөлек, ең көп өтініш Германия, Англия, Бразилия, Испания, Португалия, Аргентина және Колумбиядан түсті. Ең өтімді матчтардың көшін 27 маусымда Майамиде өтетін Колумбия-Португалия кездесуі бастап тұр. Одан кейінгі орындарда Мексика-Оңтүстік Корея матчы, 19 шілдедегі Нью-Йорктегі финал, Мексика-Оңтүстік Африка арасындағы ашылу матчы және Торонтодағы 1/16 финалдық ойын орналасқан.

